ҚАЗАҚ ТІЛІ

Нұсқау: *Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.*

1. Сөз бен қосымша арасындағы кейінді ықпал
   A) достары
   B) ойлады
   C) жолдасы
   D) жанбады
2. Ауыспалы мағыналы сөз
   A) жібек жіп
   B) жібек көйлек
   C) жібек мінез
   D) жібек мата
3. Септеулік шылау
   A) мен
   B) ғана
   C) және
   D) соң
4. Бірыңғай мүшелер қатысқан сөйлем
   A) Біз, жастар – болашақ ел тірегіміз.
   B) Ғылым мен еңбек – біздің басты күшіміз.
   C) Бала туған жеріне, өз еліне, қайтып оралды.
   D) Ғарышкер ағаның, Тоқтардың, естелігін тыңдадық.
5. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлем
   A) Оларға, дала қырандарына – еркіндік керек
   B) Ертеңгі барлық іс-шаралар – балаларға арналады.
   C) Ортада отырған кісі, бұл елді бұрыннан білетін – Жақаң.
   D) Алпамыс, Қобыланды – бәрі де байдың жалғыз балалары.
6. Шығыс септігі жалғанған сөз ішіндегі ілгерінді ықпал
   A) Адам сияқты сөзде де алуан түрлі тағдыр бар.
   B) Адамның есімі өзінің құлағына жағымды естіледі.
   C) Өмірге адам болып келіп, адам болып кету керек.
   D) Өзін ғана айтатын адамнан өзі туралы ғана ой шығады.
7. Тұрақты тіркестер қатары
   A) таяқ тастам жер, жерді тегісте
   B) қоян жүрек, жүйрікті баптау
   C) көздің жауын алады, ат төбеліндей
   D) ұлағатты ұстаз, жүрегі суылдау

8. Сапалық сын есім қатысып тұрған мақал
   A) Жылулық – анадан
   B) Айтқанның аузы жаман.
   C) Тентегін тыйған ел болар.
   D) Байлық – бір жұттық.
9. *Кер бие дымқыл көк шөпті анда-санда бір шалып, басын шұлғып қояды.* Сөйлемдегі бағыныңқы сыңары үстеуден болған жанаса байланысқан сөз тіркесі
   A) дымқыл көк шөп
   B) басын шұлғып
   C) шөпті бір шалып
   D) анда-санда шалып
10. Берілген сөйлемдегі үтір, сызықшаның қойылуына тән нұсқа
   К*өнгім келмеді, – амалым не?*
   A) жалғаулықсыз қарсылықты салалас болғандықтан
   B) автор сөзі болғандықтан қабаттаса қойылған
   C) сұрау мағыналы салалас болғандықтан
   D) қарсылықты бағыныңқылы сабақтас болғандықтан
11. Тоғыспалы ықпал
   A) тас жол
   B) ұлы сәске
   C) қақ ортасы
   D) ат арба
12. Омоним сөздер қатары
   A) адам басы, өзеннің басы
   B) терезе көзі, иненің көзі
   C) пышақтың жүзі, балтаның жүзі
   D) құмырсқаның илеуі, нанды илеу
13. Туынды зат есім қатысқан сөйлем
   A) Қолынан келген қонышынан басар.
   B) Байлық – атадан қалған мұра емес.
   C) Атаның еккен ағашы ұрпаққа сая.
   D) Тілін білмеген түбін білмейді.
14. Бастауышы үстеуден болған сөйлем
   A) Бүгіннен де ертең нұрлы.
   B) Асан әкесі екеуі бақты аралады.
   C) Бүгін ауа райы тамаша.
   D) Ізденген жетер мұратқа.
15. Ремаркаға қатысты тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлем
   A) Қабен (күліп) Міне, тамаша. Ойлағың келіп еді, бірақ қолың тимеді.
   B) Қабен (күліп). Міне, тамаша. Ойлағың келіп еді, бірақ қолың тимеді.
   C) Қабен: (күліп). Міне, тамаша. Ойлағың келіп еді, бірақ қолың тимеді.
   D) Қабен (күліп): Міне, тамаша. Ойлағың келіп еді, бірақ қолың тимеді.

16. Қабыса байланысқан есімді сөз тіркесі қатысқан сөйлем
    A) Ата-анамның үйі қалаға жақын орналасқан.
    B) Денелі жігіт үйге асығыс кірді.
    C) Жоламан күні-түні кітап оқуға кірісті
    D) Далаға тігілген шатырларда қонақ күтілді.
17. Мағыналары *қарсы мәнде* қолданылып тұрған фразеологизмдер
    A) Үріп ауызға салғандай, ауыздан дәмі кетпейді
    B) Су сепкендей басылу, желкесінен су кету
    C) Ит арқасы қияда, таяқ тастам жер
    D) Көзді ашып-жұмғанша, қас пен көздің арасында
18. Шырай жұрнағы арқылы жасалған негізгі үстеу
    A) ақшалай, ілгерілеу
    B) соншалық, астыртын
    C) ілгерірек, бұрындау
    D) бүгін, қасқырдайын
19. Тыныс белгісі дұрыс қойылған нұсқа
    A) Жұрт ... жапыр-жұпыр атқа мінді!
    B) Жұрт жапыр-жұпыр атқа мінді?!
    C) Жұрт жапыр-жұпыр атқа мінді.
    D) Жұрт жапыр-жұпыр, атқа мінді...
20. Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем
    A) Көңілсіз хабарды естігеннен бері, Әнуардан кеткен тыным қайта айналып тұғырына қонған жоқ-ты.
    B) Қорқыныштан туған ойдың шегі болмағандықтан, сәбидің көз алдына әлденелер елестей берді.
    C) Күн райының қабағы түйіле түскеніне қарамастан, көркем Қарқаралыны тағы да бір аралап түспек болдым.
    D) Ауыл жанындағы айдын көл де ұйқысынан оянғандай, сынаптай жалтырап көрінеді.

Нұсқау: *Сізге контекст негізіндегі ұсынылған төрт жауаптан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары беріледі. Контекстті мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.*

1. Достық – адамдардың бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын қасиеті. Достық – өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі. Нағыз достық кісіге шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойымауға, басқа түскен қайғы мен қиыншылықты бірге көтеруге жәрдемдеседі. Дос-жарандардың мінездері әр түрлі болып келуі мүмкін. Мысалы, біреуінде қызбалық, екіншісінде тұйықтық байқалса да – бұлар достыққа кедергі бола алмайды, қайта нағыз достық осындай кемшіліктерден арылуға көмектеседі.

2. Достыққа қарама-қарсы ұғым – қастық пен күншілдік. Мұндай сезімге ерік алдырғандар басқаның қуаныш-қызығын, ырыс-бағын көтере алмайды, дос дегеннің не екендігін білмейді. Сатқындық, екіжүзділік, өтірікшілік, өзімшілдік достықпен сыйыспайды.

3. Дұрыс дос таңдай білу – өмірлік мақсаттардың бірі. Достық – бұл өмірдегі еш нәрсемен бағаланбайтын құндылық. Дос табу оңай, ал оны сақтау одан да қиын. Достық қатынасқа нәзіктікпен қарап, берік сақтау керек. Өйткені ол да баптауды қажет ететін нәзік өсімдік сияқты.

4. Сенім мен жарқын көңіл – достықты берік ететін тірек саналады. Өзі шынайы дос бола білген адамның достары да көп болады және өзін жалғыз сезінбейді. Қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінде достыққа үлкен көңіл бөлінеді. Халық арасында достық туралы мақал-мәтелдер жеткілікті: “Дос жылатып, дұшпан күлдіріп айтады”, “Досы жақсының, өзі де жақсы”, “ Дос тұтқанды қадірле ”.

5. Дос – биікке жетелейтін, қуанышыңа ортақ, қиындықта демеу болатын жан. "Жігітті досына қарап таны» – деген қазақ пәлсапасы өте орынды айтылған. Бұл ұғым көмескіленбесін десе, әрбір адам дос тұрғысынан да адал міндет атқарғаны абзал. Сонда ғана достықтың құны жоғары болмақ. Достық – адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Мұны жырға қоспаған, тақырыбына арқау етпеген ақын-жазушы кем де кем. Тіпті, жоқ десе де болады. Олар «адам адамды сүйе білуі керек» деген идеяны берік ұстап, жалпы адам баласының достығын жыр етті.

21. Достыққа сызат түсіретін қасиеттер
    A) күншілдік, көре алмаушылық
    B) көрегенділікк, тәкаппарлық
    C) күйгелектік, менмендік
    D) сенімсіздік, сабырсыздық
22. Достықты берік ететін қасиет
    A) жігерсіздік таныту
    B) қызбалыққа салыну
    C) тұйық болу
    D) сенім білдіру

23. Мәтінде үлгі ететін дос түрі
    A) сыншыл дос
    B) адал дос
    C) амал дос
    D) қызба дос
24. *“Жаман дос көлеңке: басыңа бақ қонса, қашып құтыла алмайсың, Басыңа бұл төнсе, іздеп таба алмайсың”* мақалымен үндес азатжол
    A) екінші
    B) төртінші
    C) үшінші
    D) бірінші
25. Мәтін мазмұны бойынша достықты нығайтатын тіректер
    A) Сенім мен жарқын көңіл
    B) Қызбалық пен тұйықтық
    C) Қастық пен күншілдік
    D) Өмірлік мақсаттар

Нұсқау: *Сізге бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар беріледі.*

26. Сөз бен қосымша аралығындағы кейінді ықпал(-дар)
    A) тебу
    B) көкшіл
    C) ішсе
    D) достығы
    E) ашса
    F) қашса
27. Қарама-қарсы мәндегі тұрақты сөз тіркестер қатары
    A) жұмған аузын ашпау
    B) ауызға ілінбеу
    C) мұрттай ұшу
    D) бетінен қақпау
    E) аузы-аузына жұқпау
    F) бұғанасы қатпау
28. Қыстырма сөз(-дер)
    A) амал қанша
    B) шіркін-ай
    C) қарағым-ау
    D) біріншіден
    E) баламсың
    F) бір өкініштісі
29. Жай сөйлем(-дер)
    A) Түн. Ышқынған долы дауыл.
    B) – Алматыдан келеді, өкімет шығарады.
    C) Торсанға ешкім келмейді, есігін ашпайды.
    D) – Аға, газет қайдан келеді, оқып көрейікші.
    E) Қарлығаштар келе бастады.
    F) Бала анасының бауырына тығыла түсті.
30. Төл сөздің тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлем(-дер)
    A) Жақсы ой мен жақсы сөз жақсы істерге жетелейді. Ы.Алтынсарин
    B) «Е, шырағым, еліңе не айтып барасың? – депті Байдалы»
    C) «Дүние – сарай, адам – керуен», – дейді Жүсіп Баласағұн.
    D) Р.Груссо: ең алғаш жылқыны үйретушілер көшпенділер, – деді
    E) В.Радлов: «Қазақтар мүдірмей, ерекше екпінмен сөйлейді», – деді.
    F) Р.Груссо Дала империясы атты еңбегін жазды.

31. «Адамның *жүзі*»
Асты сызылған сөзге синонимдес сөз(-дер)
A) жұрты
B) адамы
C) абыройы
D) түрі
E) келбеті
F) дидары

32. Күрделі зат есім қатысқан сөйлем(-дер)
A) Зұлымдыққа, көз алдында жасалған қиянатқа Жұмат шыдамай, жігіттердің басын біріктіруге күш салды.
B) Батыр мінген ат аяғын сәндеп басып келеді, айыл-тұрманы күнге шағылысып, жарқ-жұрқ етеді.
C) Үлкен ойшыл-философ Д.Бабатайұлы білімділіктің көзі оның зердесінде екенін айтқан.
D) Әділет үшін, адамшылық үшін білек сыбанып кірісіп, барлықтарын разы етті.
E) Хаттамада көрсетілген рәсім бойынша біздің басшымыз БҰҰ-ға сый тапсырды.
F) Шығармасын жазып бітіргеннен кейінгі жартыжылдай уақыт Сәулеге азапты ғұмырдай көрінді.

33. Шартты рай арқылы жасалған шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем(-дер)
A) Күнделікті қолданып жүрген қызанақты алсақ, оған солтүстік түйетабанының генін пайдаланған.
B) Хакім кітапты ұстаған қалпы, Әбдірахманның сөздерін қыбыр етпестен тыңдады.
C) Тәуелсіздікті күмбез дейтін болсақ, сол күмбезді тіреп тұрған төрт белгі – рәміздеріміз бар.
D) Күнкенің ауылына Абай келісімен, Құнанбай мұны Құлыншақ ауылына жұмсады.
E) Жолаушылардың қарасы үзілгенше, қорықшы жота басында қарап тұрды.
F) Керек болған затты алып шықпақ болып, тігулі тұрған қараша үйге өзі жалғыз кірді.

34. Барыс септік тұлғалы толықтауыш қызметіндегі жіктеу есімдігі бар сөйлем(-дер)
A) Құс төсекті сіздерге арнайы салдырдым.
B) Ырысты, еркін, азат елім қандай!
C) Базаралы өзі ере шықты, жақсы қабақ танытты.
D) Маған Айнаштың зейіні жоғары сияқты көрінді.
E) Екі есікті бітесе, өрт тұншығып, өз-өзінен өшеді.
F) Кім еңбекті істесе сол адам үлесті де көп алады.

35. Матаса байланысқан есімді сөз тіркес(-тер)і

A) қызық кино, әдепті бала
B) қалың кітап, береке бастауы
C) ертең келеді, жақсы айтты
D) қырық төрт, көк ала
E) кітап мұқабасы, біздің үй
F) оның ойы, үстелдің үсті